



Published on Южно-Казахстанская область (<http://yuko.assembly.kz>)



**2017 жылдың 8 қыркүйегінде Астана қаласы «Этноауыл» кешеніндегі Ethno Music Hall-да** Қазақстан халқы Ассамблеясының «ЭТНО-FASHION» республикалық фестивалі өтті.

Фестивальдің басты миссиясы - ежелгі қазақтың ежелгі мәдениетін және Қазақстан этностарының дәстүрін тану, ұлттық костюм мен сәндік-қолданбалы бұйымдардың элементтері арқылы тарихтың жарқын беттерін көрсету.

Фестивальдің мақсаты - күнделікті киілетін киімге этникалық элементтерді қосу арқылы Қазақстанда өмір сүретін этностардың ұлттық кодтарын сақтау.

Іс-шараға ҚХА мүшелері, ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың, этномәдени бірлестіктердің, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның өкілдері, қазақстан эстрадасының әртістері, жастар қатысты.

Фестивальде еліміздің барлық өңірлерінен келген 10-нан астам модельерлердің, дизайнерлердің және халық шеберлерінің үздік жұмыстары ұсынылды.

Фестиваль аясында мынадай іс-шаралар кешені өтеді:

1. **«Ұлы дала өрнектері»** (Ұлы дала өрнектері) - ер, әйел, жастар, балалар киімдері үлгілерінің көрсетілімі;
2. **«Сәнді этнокиім» (Модная этноодежда)** - Заманауи киімде этника элементтерін қолданып, этникалық стильдеудің ерекшеліктерін ашатын Қазақстанның жетекші дизайнерлерінің шеберлік сабақтары,

3. «**Бірлік әралуандылықта**» көрсетілімі - Қазақстан этностарының этникалық және сахналық костюмдерінің, этника элементтері қолданылған офистік киімнің сән шеруіі.

4. «**Ата өнері - ұрпаққа мұра**» (Искусство предков - наследие для потомков) – фестивальдің атмосферасын халықтық шығармашылық элементтерімен толықтыра түсетін қолдан жасалған бірегей тауарлардың жәрмеңкесі мен қолөнершілердің түрлі шеберлік сабақтары өтеді.

**Дата события Ассамблеи:**

Дүйсенбі, 11 Қыркүйек, 2017

08.09.2017

## **«ЭТНО-FASHION» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ**

⇒

---

**Source URL:** <http://yuko.assembly.kz/kk/news/etno-fashion-respublikalyk-festivali>